**«Ақмола облысы білім басқармасының**
**Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы**
**Зеренді ауылының «Арайлы» бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалауы бойынша қорытындысы.**

## 1.Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1.Мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Зеренді ауылының «Арайлы» бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

2.Мекен-жайы: Ақмола облысы,Зеренді ауданы,Зеренді селосы,Буденный көшесі 57 «а» үйі.Құрылған жылы:2009жылы.Жобалық қуаты:165 орын. Ғимараттың типтік сипаттамасы :2 қабатты типтік ғимарат,

3.Заңды тұлғаның байланыс деректері:8-716-32-20-1-94
Электронды мекен-жай: araiiy_zer@mail.ru.
web – сайт:http://ds0010.zerenda.aqmoedu.kz
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:меңгеруші Кусаинова Гульмира Турумхановна

4.Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:
Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама:18 қаңтар 2021 жылы берілген.
БСН:№090240013728, 17. Ақпан 2009 жылы берілген.
Жарғы: Зеренді ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № А -1/3 қаулысымен бекітілген.

5.Рұқсат беру құжаттары:
Медициналық лицензиясы: Зеренді ауданы Денсаулық сақтау басқармасының № 0000666, серия ЛП 00596 DC

## 2. Оқытудың нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұны:

Бөбекжайының жұмыс тәртібі: Бөбекжай аптасына 5 күн жұмыс жасайды.
Балалардың бөбекжайда болу ұзақтығы: 08.00- ден 18.30-ға дейін.
«Арайлы» бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі «Арайлы» бөбекжайы) мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің жалпы білімдік бағдарламасын іске асыруда.
Балабақшада 7 топ жұмыс істейді. 5 топ қазақ тілінде, 2 топ орыс тілінде оқыту және тәрбие беруді жүзеге асырады.
1) Бөбекжайының өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарлары білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына негізделген.
Өткен төрт оқу жылы (2017-2018,2018-2019,2019-2020) мен ағымдағы оқу жылындағы (2021-2022) жұмыстық оқу жоспарлары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделе отырып әзірленген.

Жас ерекшелігі бойынша «Арайлы» бөбекжайында 7 топ жұмыс жасайды.
3 ересек тобы (2 қазақ тілінде,1 орыс тілінде),
2 ортаңғы тобы (1 қазақ тілінде,1 орыс тілінде)
1 кіші тобы
1 ерте жас тобы *(9 қосымша)*
Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі және вариативтік компонентті қоса алғанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған, оқу қызметінің ұзақтығы сақталған. (оқу жоспары қосымша беріледі)
2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.
«Арайлы» бөбекжайында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың тиімділігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жүргізілді.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың осы жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті бастапқы білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру болып табылады.
«Арайлы» бөбекжайының оқу жылына арналған мақсат міндеттері:
Мақсаты: Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие беру мазмұнын жаңарту арқылы инновациялық әдістермен техникаларды енгізу және баланың даму деңгейін анықтап, болжау жолдарын қолдана отырып мектепке дейінгі сапалы білім беруді қамтамасыз ету.
Міндеттері:
1.Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие берудегі жаңару жүйесі барысындағы кадрлардың дамуына ықпал ету.
2.Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығын нығайту және сақтауды ұйымдастыру.
3.Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай дамытушы орталықтарды құру және оның жұмысын ұйымдастыру.
Бөбекжайдың мектепке дейінгі оқыту және тәрбие беру жұмысы:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Биылғы 2021-2022 оқу жылында да ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар жинағын қолдандық.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны: «Денсаулық» «Қатынас» «Таным» «Шығармашылық» «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады.

Бөбекжайымызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шыңдауга бағытталған іс - шаралар жоспарға сәйкес өткізіліп тұрады: Педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, әдістемелік кеңестер, ашық оқу қызметтері. Жас мамандарға және педагогтарға шығармашылықпен жұмыс істеуіне және кәсіби деңгейін арттыруына әдістемелік көмек беріледі. Педагогтардың жан-жақты дамуына жаңаша жұмыс жасау жолдарын қарастырып отырады.

Өзіндік бағалаудан өткізу барысында педагогикалық кеңес ұйымдастырылды.

Кеңесте әдістемелік жұмыстардың түрлері, нормативті-құқықтық құжаттар сарапталды.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасалған.

Әр мерекеге сай ертеңгіліктер өз уақытында өткізіліп отырды. Барлық ұйымдастырылған оқу қызметтері көрнекіліктерге бай, эстетикалық талғамға сай, оқыту процесі тиімді ұйымдастырылған. Күннің екінші жартысында балалармен вариативті компонент жұмыстарымен баламен жеке жұмыстар және топтық жұмыс тәжірбиемізден түспейтін әдіс-тәсілдер арқылы жүргізіледі.

Жылдық жоспарда белгіленгендей 5 педагогикалық кеңес, 5 әдістемелік кеңестер өндірістік жиналыстар мен семинарлар конференциялар ата –аналармен әртүрлі жұмыстар жоспар бойынша өткізіліп тұрды. Бөбекжай оқу жылының басында, ортасында оқу жылының аяғында жалпы ата – аналар жиналысын өткізіліп отырды. Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты жиналыстар ашық алаңда немесе зум платформасы арқылы өткізілді. (2020-2021ж)

2017 жылдан бастап 2019 жылға дейін ата – аналар «Әз Наурыз» ««Қош келдің Жаңа жыл» «Ана – біздің гүліміз» атты ертеңгіліктерге келіп белсене қатысып отырды. Ал 2020-2021 жыл аралығында тек бұл ертеңгіліктер топта арақашықтықты сақтай отырып ата – аналарсыз өткізілді. Өткізілген мерекелік іс-шаралар Instagram, Facebook,WhatsApp желілеріне және бөбекжай сайтында жарияланып отырды.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың болуы:

Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы бөбекжай жұмысының бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» мен балабақша жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады.

Педагогтарды жұмысқа қабылдау барысында, меңгеруші мен педагогтың арасында жасалған еңбек шарты бойынша жүзеге асады.

2021-2022 оқу жылындағы педагогикалық жұмыскерлердің жалпы саны 22 педагог, Жоғары білімі бар – 13 педагог, оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар 9 педагог. Арнайы орта білімі бар 9 педагог, оның ішінде мектепке дейінгі білімі бар 7 педагог. Бұл арнайы мектепке дейінгі білімі бар педагогтар санын 72,8 % құрайды. Кадрлар қамтамасыздану сараптама процесінде аттестациялық комиссия 2017-2022

жылдар аралығындағы құрамның сапалы өзгерістерімен педагогикалық қызметкерлерінің біліктілік санатының нәтижелерін көрсеткі.

| Оқу жылы | Педагог эксперт | Педагог модератор | Бірінші санаты | Екінші санаты | Санаты жоқ |
|---|---|---|---|---|---|
| 2017-2018 | | | 4(19%) | 2 (9,5%) | 7 (33.3%) |
| 2018-2019 | | | 4(19%) | 1 (4.7%) | 7 (33.3%) |
| 2019-2020 | | | 3(12,5%) | 0 | 8 (33.3%) |
| 2020-2021 | 1(4.3%) | 5 (21.7%) | | | 7 (30.4%) |
| 2021-2022 | | 4(18.1%) | | | 4 (18.1%) |

Қазіргі уақытта жоғары және бірінші санатты педагогтердің пайызы педагог-эксперт 1 адам (4,3%), педагог-модератор 9 адам (41%), бірінші санатты 4 адам (18,1%), екінші санатты 3 адам (13,6%), санаты жоқтары 5 адам (22,7%) *(10 қосымша)*

**Қорытынды:** Педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілік деңгейі жоғары, олар үнемі өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттырып отырады. Педагогикалық ұжым бөбекжайда және аудан, облыс, Республика бойынша өткізілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне өз тәжірбиелерімен алмасып, қатысып, белсенділік көрсетеді.

5) Жеке оқу жоспарларымен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау:

Бөбекжай білім бөлімінің бұйрығымен инклюзивті білім беру тәжірибесін таратуда тірек ұйым болып бекітілген. Инклюзивті тәжірибені енгізуге жауапты, бөбекжайдың психологы, медбике, бөбекжайдың тәрбиешілері мен логопедтері. Әдіскер: Г.К. Жексенбаева 08.06.2020 жылғы № 11 бұйрық негізінде жауапты тұлға ретінде тағайындалды. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар құрдастарымен ортақ топтарда болады және ПМПК қорытындысы бойынша балаларды оқыту бағдарламалары ұсынылған мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағдарламасына сәйкес білім алады. Сондай-ақ, олармен бағдарламаны игеру бойынша жеке сабақтар ұйымдастырылады, әр мұғалім осы бағдарламаны ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар әр балаға бейімдеуге тырысады.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 24 б. 3-5 тармағына сәйкес "Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыруға қойылатын талаптар" әдістемелік нұсқаулығы негізінде мектепке дейінгі ұйымға қатынамайтын балалардың ата-аналары үшін кеңес беру пункті ұйымдастырылған.

Бөбекжайда арнайы білім қажеттілігін талап ететін балалар саны 32 бала. Балалардың көпшілігінде сөйлеу бұзылыстары бар балалар. ПМПК қорытынды негізінде олар жалпы мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы негізінде білім алады. Барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарының өміріне белсене қатысуға, балалармен

карым катынасына кажетті кабілеттілікті дамытуға мүмкіндік берудеміз. 77 % педагогтер «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру бағдарламасы бойынша оқыту курсын аяқтады. Олар 14 тәрбиеші, педагог-психолог, логопед, әдіскер, меңгеруші.

Сонымен катар гипербелсенділік симптомдары бар балалар көбейіп келеді. Сол себептен релаксация кабинетін ұйымдастырылды. Бұл жерде баланың жарық, дыбыс, тактильді сезіну арқылы жүйке жүйесін тыныштандырып, оның зейінің, назарын оқу процессіне бағытталуына көмек береді.
6) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке өсуін есепке алу үшін баланың жеке даму картасы жүргізіледі. Жеке карталардың көмегімен баланың дамуы, білімі және әлеуметтік дағдылары бағаланады.

Өткен оқу жылдарымен сиымдағы оқу жылында бақылау парағындағы мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы электонды түрде толтырылады. Сондай -ақ диагностиканың әр кезеңінен кейін баланың жеке түзету жұмысы күннің екінші жартысында жүйелі жүргізіледі.

Баланың жеке даму картасы оның жетістіктерінің нәтижелерін бақылауға мүмкіндік береді. Баланың психологиялық даму картасын бөбекжайымызда психолог жүргізеді, ол танымдық және тұлғалық дамуға мектепке дайындығына қарым катынас ерекшеліктеріне, моториканың дамуына және т.б диагностикалық нәтижелердің барлық деректерін жазып отырады.

*7) «Денсаулық», «Қатынас» «Таным» «Шығармашылық» «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру:*

Білім беру салаларын кіріктіру арқылы мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың жаңартылған мазмұны мен анықталған білім беру міндеттерін табысты іске асыруға ықпал ететін кіріктіре оқыту идеялары бүгінгі күні өзекті болып табылады.Үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында бөбекжайда: перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың біліктіліктерімен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады. Бөбекжайда білім беру қызметін тиімді де қызықты ұйымдастыру формалары бірлескен мерекелер,саяхаттар, шығармашылық жобалар, ойын әдіс-тәсілдерін, сюжетті-рөлді ойындар, экспериментер қолданамыз.

Бүкіл әлемдік эпидемиологиялық жағдайға байланысты бөбекжай тәрбиеленушілерінің мектепке дейінгі оқыту және беру бағдарламасын жүйелі түрде меңгерту үшін «BILIM KIDS» платформасы арқылы жұмыс жасауды бастадық. 2021-2022 жылдың қыркүйек айынан

бастап денсаулығына байланысты келмеген балалармен платформа арқылы арақатынаста болдық.

«Денсаулық», «Қатынас» «Таным» «Шығармашылық» «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі білім берудің педагогикалық үрдісінде жиі қолданылатын әдістердің бірі – ойын. Ойын – мектепке дейінгі жастағы бала қызметінің жетекші түрі, тиімді әдіс және балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыратын оқыту мен тәрбиелеудің бір түрі. Педагогтер жоспарын құрғанда 4 К моделін қолданады. Бұл тақырыпта барлығы педагогикалық шеберлік орталығында білімдерін жетілдірді. Сертификаттары бар. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан жақты зерттеуіне бағдарланған әлеуметтік дағдыларымен өз бетінше үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған циклограмма құрылады. Циклограммада санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әрбір күн тәртібі сәтінің міндеттері, мазмұны және ұзақтығы анықталады. Балалардың қажеттілігі мен қызығушылығына бағытталған, өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасалған. Балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды ойындар және т.б) ұйымдастыру үшін картатекаларды қолдану арқылы жоспарлайды. Балабақша әдіскері тәрбиешілердің циклограммаларын уақытылы құрастыруын бақылауды, тиісті ұсыныстар мен ескертулерді бекіте отырып жүзеге асырылуын қадағалайды.

8) ***Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы:***

Жоғарыда аталған оқу жылында бөбекжайдың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері ме дағдыларының бастапқы даму мониторингінің нәтижелері бойынша анықтама жасалды. Бөбекжайдың барлық жеті тобында бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізілді.

Мониторинг Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалды.

Негізгі білім беру салалары: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салалары бойынша білім, білік, дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау.

Мектеп жасына дейінгі балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту Қазақстан Республикасының білім беру саясатында айқындалған.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мектепке дейінгі білім беру саласындағы негізгі бағыттарының бірі мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен

дағдыларының дамуын қадағалау бойынша индикаторлар жүйесін жетілдіру болып табылады.

«Арайлы» бөбекжайы» бойынша 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдар мониторингке жалпы 751 бала қатысты.

**Арайлы» бөбекжай тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларын дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы 2017-2018оқу жылының жиынтық есебі**

| № р/с | Топтың атауы | Бала саны | Білім беру салалары | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Денсаулық» | | | «Коммуникация» | | | «Таным» | | | «Шығармашылық» | | | «Әлеумет» | | |
| | | | Дағдылардың қалыптасу деңгейі | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III |
| 1 | «Күншуақ» кіші тобы | 15 | 46 | 54 | 0 | 34 | 67 | 0 | 26 | 74 | 0 | 27 | 73 | 0 | | | |
| 2 | «Балапан» №1 кіші топ | 23 | 6 | 30 | 70 | 2 | 22 | 57 | 36 | 51 | 13 | 13 | 57 | 30 | | | |
| 3 | «Айгөлек» №2 топ | 25 | 0 | 16 | 84 | 20 | 80 | 0 | 16 | 80 | 4 | 8 | 80 | 12 | 4 | 84 | 12 |
| 4 | «Қарлығаш» ересек тобы | 28 | 0 | 68 | 32 | 0 | 68 | 32 | 12 | 50 | 28 | 78 | 22 | 0 | 16 | 48 | 36 |
| 5 | «Ласточка» №3 топ | 24 | 3 | 10 | 90 | 5 | 52 | 55 | 4 | 33 | 63 | 4 | 53 | 65 | 4 | 41 | 55 |
| 6 | «Сәтбишек» ересек топ | 25 | 20 | 40 | 40 | 28 | 48 | 24 | 16 | 32 | 52 | 24 | 58 | 18 | 40 | 28 | 56 |
| 7 | «[illegible]» ересек тобы | 25 | 0 | 50 | 20 | 0 | 80 | 20 | 0 | 84 | 16 | 0 | 80 | 20 | 0 | 52 | 48 |
| | Барлығы 162 | | 9,4 | 42,5 | 48 | 15,8 | 57,4 | 26,8 | 14,2 | 60,5 | 25,1 | 14,8 | 64,7 | 20,4 | 8,5 | 36,1 | 26,7 |

**«Арайлы» бөбекжай тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуын бақылау қорытынды диагностиканың 2017-2018 оқу жылының кестесі**

| № | Деңгейі | Денсаулық | «Қатынас» | Таным | «Шығармашылық» | «Әлеумет» |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | III -жоғары | 48 | 57,4 | 25,1 | 20,4 | 26,7 |
| | II -орташа | 42,5 | 26,8 | 60,5 | 64,7 | 36,1 |
| | I -Төмен | 9,4 | 15,8 | 26,8 | 14,8 | 8,5 |

**III (жоғары) деңгейі : 35,5**

**II (орташа) деңгейі: 46,1**

**I (төмен) деңгейі: 15,6**

**«Арайлы» бөбекжай тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларын дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы 2018-2019оқу жылының жиынтық есебі**

| | Топтың атауы | Бала | | Білім беру салалары |
|---|---|---|---|---|

| № р/с | | саны | «Денсаулық» | | | «Коммуникация» | | | «Таным» | | | «Шығармашылық» | | | «Әлеумет» | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Дағдылардың қалыптасу деңгейі | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III |
| 1 | «Күншуақ» өтпе жас тобы | 15 | 10 | 5 | 0 | 15 | 0 | 0 | 5 | 10 | 0 | 6 | 9 | 0 | | | |
| 2 | «Балапан» №1 кіші тобы | 25 | 0 | 0 | 25 | 0 | 5 | 20 | 0 | 2 | 23 | 0 | 3 | 22 | | | |
| 3 | «Ақбота» №2 тобы | 25 | 0 | 2 | 20 | 0 | 10 | 15 | 0 | 12 | 13 | 0 | 6 | 19 | 0 | 8 | 17 |
| 4 | «Қарлығаш» ересек тобы | 25 | 0 | 1 | 24 | 0 | 10 | 15 | 0 | 10 | 15 | 0 | 9 | 16 | 0 | 8 | 17 |
| 5 | «Ласточка» №2кіші тобы | 25 | 0 | 1 | 21 | 3 | 13 | 9 | 3 | 11 | 11 | 0 | 14 | 11 | 0 | 14 | 11 |
| 6 | «Солнышко» ортаңғы тобы | 25 | 3 | 20 | 2 | 3 | 22 | 0 | 3 | 22 | 0 | 2 | 21 | 2 | 3 | 22 | 0 |
| 7 | «Гүлдер» ересек тобы | 25 | 0 | 0 | 25 | 0 | 2 | 23 | 0 | 1 | 24 | 0 | 0 | 25 | 0 | 2 | 23 |
| | Барлығы | 165 | 0.8 | 5.5 | 17.1 | 3 | 8.8 | 11.7 | 3 | 9.7 | 12.2 | 1.1 | 8.8 | 13.7 | 0.4 | 7.7 | 9.7 |

**«Арайлы» бөбекжай тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуын бақылау қорытынды диагностиканың**
**2018-2019 оқу жылының хаттамасы**

| Деңгейі | Денсаулық | «Қатынас» | «Таным» | «Шығармашылық» | «Әлеумет» |
|---|---|---|---|---|---|
| III - жоғары | 17.1 | 11.7 | 12,2 | 13,7 | 9,7 |
| II - орташа | 5,5 | 8,8 | 9,7 | 12,7 | 9,7 |
| I - төмен | 0,8 | 3 | 3 | 1,1 | 0,4 |

**III (жоғары) деңгейі :12,8**
**II (орташа) деңгейі: 9,4**
**I (төмен) деңгейі:1,6**

**«Арайлы» бөбекжай тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларын дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы 2019-2020 оқу жылының жиынтық есебі**

| № | Топ | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Күншуақ» | 12 | 8 | 2 | 2 |
| 2 | «Балапан» | 15 | 2 | 11 | 2 |
| 3 | «Ласточка» | 15 | 5 | 7 | 3 |
| 4 | «Ақбота» | 15 | 3 | 8 | 4 |
| 5 | «Қарлығаш» | 15 | 4 | 6 | 5 |
| 6 | «Солнышко» | 15 | 1 | 4 | 10 |
| 7 | «Гүлдер» | 15 | 1 | 5 | 9 |
| барлығы | | 102 | 24 | 43 | 35 |
| | | | Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 23% | Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 42% | Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 35% |

**«Арайлы» бөбекжай тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларын дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы 2020-2021 оқу жылының жиынтық есебі**

| № | топ | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Күншуақ» | 13 | 4 | 8 | 1 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | «Балапан» | 19 | 1 | 12 | 8 |
| 3 | «Ласточка» | 25 | 1 | 11 | 13 |
| 4 | «Акбота» | 25 | 0 | 8,4 | 16,6 |
| 5 | «Карлығаш» | 25 | 2,8 | 16 | 8,2 |
| 6 | «Солнышко» | 25 | 1 | 21 | 3 |
| 7 | «Гүлдер» | 25 | 0 | 2,4 | 22,6 |
| итого | | 157 | 7,8 | 79,8 | 69, 4 |
| | | | Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 4,97% | Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 50,82% | Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 44,21% |

***Қорытынды:***

Осы мониторинг нәтижелері бойынша білімі мен дағдылары төмен балалармен жеке жұмыс жасалды. Жеке жұмыс барысында балалардың білімі мен дағдылары бастапқы аралық көрсеткіштен әлде қайда жоғарылап балалардың даму нәтижесі қарқынды өсуіне ықпал етілді. Әр топ бойынша салыстырмалы диаграммалар аналитикалық анықтамалар жасалды.

Қазақстан Республикасы аумағында Коронавирус індетінің алдын алу мақсатында төтенше жағдай енгізілуіне байланысты карантин кезінде балабақшалардың жұмыс уақытша тоқтатылу себепті қорытынды диагностикаға барлық бала толық қатыса алмады. «Арайлы» бөбекжайы 6 мамырдан бастап өз жұмыстарын кезекші топтарда бастады, қорытынды диагностикаға кезекші топтарға келіп жүрген санаулы балалар қатысты. Сол себептен даму көрсеткіштері төмендегені білінеді. *(8 қосымша)*

9) Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

Бөбекжайда тәрбиелеу мен білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымның бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.Үлгілік оқу бағдарламасы мақсатында оқу жоспарымен қамтамасыз етіліп оқу жүктемесінің барынша мөлшері сақталады. Базистік оқу жоспарының сағат саны мектепке дейінгі білім берудің МЖМС талаптарына сай жоспарланған. Оқу қызметі балалардың жас ерекеліктеріне сай денсаулық мүмкіндіктері өмірде өзара байланысын қамтамасыз етеді. «Арайлы» бөбекжайы мектепке дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бір бөлігі.Үздіксіз тәрбие мен білім беруде қазіргі заман талабына сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтердің еншісінде. Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамытудың үйлестіру кеңесі Инклюзивті білім берудің I облыстық фистиваліне белсене қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды. «Хантапапай» аудандық байқауында «Арайлы» бөбекжайы дипломмен марапатталды.(2019ж) «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында алғыс хатпен бөбекжай ұжымы марапатталды. (2018ж) «Абай Құнанбаевтің 175 жылдығы

қарсаңында білім беру мекемелерінде ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған тақырыптық бұрыштар көрмесінде I орынды иеленгені үшін «Арайлы» бөбекжайы марапатталады. (2020ж) «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасы аясында «Қазақша қалай,балақай?» атты балабақшалар арасындағы облыстық сырттай байқауына белсене қатысқаны үшін Зеренді ауданы бойынша Білім беру жанындағы Зеренді ауылының МКҚК «Арайлы» бөбекжайына сертификат берілді. (2021). Зеренді ауданы әкімдігінің жанындағы МКҚК «Арайлы» бөбекжайы педагогикалық ұжымы білім беру жүйесіндегі жемісті еңбегі, педагогикалық шеберлігі, шығармашылық жетістіктері және «Әдістемелік калейдоскоп» атты педагогтарға арналған конкурсқа қатысқаны үшін дипломмен марапатталды.(2019) «Менің халқымның тарихы» облыстық патриоттық конкурсына белсене қатысқаны үшін «Арайлы» бөбекжайына сертификат берілді(2020)ж.

Педагогтер ашық оқу қызметтерін өткізді. « Балапан» кіші тобында У.А Сеитова «Шағылысқан күн сәулесі» тақырыбында «Шығармашылық» «Қатынас» «Таным» білім беру салалары қамтылған оқу қызметін өткізді.Оқу қызметі жан – жақты және барлық әдіс-тәсілдер қолданды.Балалар мақта таяқшаларымен күннің шағылысқанын бояп көрсетті.Балалар қызығушылықпен ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысты. «Ақбота» ортаңғы тобының тәрбиешісі Қадырова Б.Н ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Білім беру саласы «Таным» Бөлімі: « Жаратылыстану» .Тақырыбы: «Нан қайдан келді?» Ұйымдастырылған оқу қызметінде Кубизм әдісі,сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелесу,ойын әдісі,бағалау әдісі,топтық жұмыс,тәрбиеші жетекшісімен,құрылымдалған,еркін ойындар, мнемокесте қолданылып балалар үш топқа бөліну барысында үш ойын түрін қолданды.Балаларға тақырыпқа сай тапсырмалар берілді.Тұзды қамырдан әр түрлі токаш,бәліш,нан жасады.

Әдістемелік кабинетте мемлекеттік білім беру стандартының барлық бөлімдері бойынша әдістемелік, оқу әдістемелік оқу-ағартушылық қызмет үшін бай материал ата – аналармен және тәрбиешілермен жұмыс бойынша консультациялық материал, әдістемелік кітапхана жинақталған.

10) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы ( бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

**«Арайлы» бөбекжай тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларын дамуын бақылау бойынша 2021-2022оқу жылының бастапқы мониторинг нәтижелері**

| № р/с | Топтың атауы | Бала саны | Білім беру салалары | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Денсаулық» | | | «Коммуникация» | | | «Таным» | | | «Шығармашылық» | | | «Әлеумет» | | |
| | | | Дағдылардың қалыптасу деңгейі | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Күншуақ» ерте жас тобы | 15 | 15 | 0 | 0 | 15 | 0 | 0 | 15 | 0 | 0 | 15 | 0 | 0 | | | |
| 2 | «Балапан» кіші тобы | 25 | 0 | 25 | 0 | 17 | 8 | 0 | 16 | 9 | 0 | 19 | 6 | 0 | | | |
| 3 | «Акбота» ортаңғы тобы | 25 | 0 | 10 | 5 | 18 | 7 | 0 | 15 | 10 | 0 | 14 | 11 | 0 | 13 | 12 | 0 |
| 4 | «Қарлығаш» ересек тобы | 25 | 0 | 11 | 14 | 2 | 16 | 6 | 3 | 14 | 8 | 4 | 12 | 9 | 0 | 19 | 6 |
| 5 | «Со[illegible]» ересек тобы | 25 | 0 | 16 | 9 | 8 | 17 | 0 | 5 | 19 | 1 | 2 | 22 | 1 | 0 | 19 | 6 |
| 6 | «Ласточка» ортаңғы тобы | 25 | 0 | 14 | 11 | 13 | 12 | 0 | 7 | 18 | 0 | 0 | 21 | 4 | 5 | 20 | 0 |
| 7 | «Гүлдер» ересек тобы | 22 | 9 | 18 | 0 | 17 | 8 | 0 | 18 | 7 | 0 | 19 | 6 | 0 | 14 | 11 | 0 |
| | Барлығы | 165 | 14,5 | 55,7 | 29,6 | 55,1 | 41,2 | 3,6 | 47,8 | 46,6 | 5,4 | 44,2 | 47,2 | 8,4 | 19,3 | 49 | 7,2 |

**2021-2022 оқу жылының «Арайлы» бөбекжай тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуын бақылау бастапқы диагностиканың хаттамасы**

| Деңгейі | Денсаулық | «Қатынас» | Таным | «Шығармашылық» | «Әлеумет» |
|---|---|---|---|---|---|
| III-жоғары | 29,6 | 3,6 | 5,4 | 8,4 | 7,2 |
| II-орташа | 55,7 | 3,6 | 46,6 | 47,2 | 49 |
| I-төмен | 14,5 | 55,1 | 47,8 | 44,2 | 19,3 |

III (жоғары) деңгейі : 10,8
II (орташа) деңгейі: 40,42
I (төмен) деңгейі: 36,18

## 3. Ата – аналармен жұмыстың негізгі бағыттары:

Баланың мүддесі үшін ата-анамен ынтымақтасу барысында: ата-аналарды бөбекжай өміріне тарту және оқыту мен тәрбие жұмыстарымен таныстыру, педагогикалық кеңестерге қатыстыру, әр топтың ата-аналар комитетін сайлау және ата-аналардың бірлескен жұмыстары болды. Алғашқы кездесулер аясында сұхбаттасу әдісін қолданамыз. Ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымнан не күтетіндігін айқындаймыз және олармен келесі түрдегі сұрақтарды талқылаймыз. Әр жиналыста медбике, психолог, логопед ата-аналарға кеңестер, сауалнамалар, тренинг өткізді.

Бөбекжайда ата – аналарға ашық есіктер күні, дөңгелек үстел, педагогикалық қонақ бөлмесі, жиналыстар ұйымдастырылды. Ата-аналар комитетінің мүшелері Попов О.В. Феодоров И.В. Азмаганова К.Ж бөбекжай жұмыстарына белсене қатысқаны үшін Алғыс хаттармен марапатталды.

**Тәрбиеленушілердің ата-аналарының білім беру қызметінің сапасына қанағаттануын талдау:**

Жас топтары бойынша бағдарламаны игеру үшін бағалау критерийлерініне сәйкес, тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама жүргізілді. (сауалнама қосымша берілді) Оның негізгі міндеттері:

- тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының

талаптарына сәйкес тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларын анықтау.
- білім беру мекемесінің және оның педагогикалық ұжымының жұмысына ата- аналардың қанағаттану деңгейін анықтау.
- оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау.
- бөбекжайға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау.

Талдаудың қорытындысы бойынша мәлімет:

Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны: 59 (89%)

Ата-аналардың пікірінше, - респонденттердің 79% тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған. Ал 21 % -ы бағдарламаны толық меңгермеген деп санайды. Оқу жылының соңына қарай бағдарламаны игеру 100% - ды құрайды деп жоспарлануда. Ата-аналар бөбекжайдың күнделікті оқыту мен тәрбие жұмысына риза (*сауалнама қоса берілді)*

**Осылайша ата –аналар сауалнамаларына сүйене отырып :**

1. Ата – аналарды 2022 жылғы жалпы ата – аналар жиналысында осы сауалнама нәтижелерімен таныстыру жоспарлануда.

2. 2021-2022 оқу жылына арналған балабақша жұмыс жоспарына оқу тәрбие жүйесінде отбасы рөлін күшейтіп ата – аналармен бірлесуде тығыз қарым –қатынасты жалғастыру. «Балабақша-мектеп» жұмыстарының сабақтастыруды нығайту.

Ата –аналар жұмысының тиімді формасы – кіші ата-аналар жиналысы. Педагогикалық ұжым ата - аналармен жұмыстың барлық заманауи түрлерін қолданамыз.( ұжымдық, жекелік, және көрнекі ақпараттық, топ ата – аналар жиналысы, жалпы ата – аналар жиналысы, дөңгелек үстел, ашық есік күні, педагогикалық қонақ бөлме, көрме, почта)

Оқу жылының басында білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын,оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін күнделікті оқу іс әрекетінде қайта қарастырып, білім беруде жаңа әдіс - тәсілдер мен технологияларды қолданамыз. Оқу жылының басына қойылған мақсат міндеттерімізді алға қойып жұмыстар жүргіземіз. Бөбекжайда баланың білім алуына, жан – жақты шығармашыл тұлға болып өсуіне жағдай жасалған. Әр айда күн тәртібіндегі бала өмірі іс - әрекеттінің ұйымдастырылуын қадағалап, бақылау жүргізіліп отырылды және бөбекжайдағы өзекті мәселелер бойынша атқарылған талдаулар жасалып отырды.

Бөбекжай педагогтары оқытуда жобалау әдісін қолданады. *Жобалау әдісі* – инновациялық педагогикалық технология. Педагогикалық жоба ол педагогтардың арнайы ұйымдастырған, балалардың өздігінен шешім қабылдауын және де өз таңдауы мен еңбегінің, шығармашылығының нәтижесіне өзін жауапты ететін іс – әрекеттер тобы. Арнайы білімді қажет ететін айқын мәселелерге ынталандыру және жоба іс-әрекеті арқылы мәселенің шешімін қамтитын білімнің іс – жүзінде пайдалануы. Бөбекжай педагогтары бұл технологиямын көп жылдар бойы жұмыс жасап келеді, сол себептен оның балаларға 2019 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған ел» бөлігі бойынша жұмыстар атқару сұрағы туындағында дәл осы технологияның зор пайдасы болды. Жылдық жоспарға осы тарау қосылып, балалардың ұлттық салт – дәстүр туралы білімдерін, рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруды мақсат

қойып, балалармен қызықты жобалар ұйымдастырды. Қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді жобалар ұйымдастырылып, пән аралық сабақтастық құрылып көптеген жобалар жарық көрді. Балалар «Терезе алдындағы бау-бақша», «Ою өрнек», «Туған елдің табиғаты», «Туған өлкем» т.б. жобалардың белсенді қатысушылары болды.

«Ақмола облысының білім басқармасының әдістемелік кабинетінің мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық жобалау қызметі бойынша «Арайлы» бөбекжайында 2019-2022 жылдарда «Зерделі –Зеренді» инновациялық жобасын енгізуді ұсынды. Бұл қызмет педагогтерге қиындық тудырмады. Өйткені жобалау әдісін қолданып жүрген педагогтерге бұл тағыда шығармашылық қабілеттерінің дамуына ғана ықпал ететін тапсырма болды. Жоба бойынша стратегиялық жоспар құрылып, материалдық базаға қосулар болды, балалар шығармашылық үйімен келісім шарт бекітілді. Осы жоспар бойынша да кіші жобалар жарық көрді. («Как прекрасен край родной», «Топоним - Зеренда», «Менің ауылым») Осы жоба аясында кіші музей ұйымдастырылды.

**4. Бөбекжайдың дамытушылық ортасы**

«Балалар сұлулық әлемінде, ягни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы қажет...» В.Сухомлинский

Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының дамуы негізгі құралдардың бірі – дамытушы орта. Орта – баланың жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибесінің көзі. Заттық-кеңістік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар: қауіпсіздік, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі, тартымды болуы.

Орта құрудың ұстанымдарын мақсатқа ала отырып, бөбекжайда балалардың қалыпты дамып, жетілуі үшін қажетті дамытушы орта құрылды және де оны ұйымдастыруда қойылатын талаптар сақталды. Бөбекжай бөлмелерін, заттық кеңістікке ұйымдастыру арқылы баланың мүддfestлері мен қажеттіліктеріне жағдай жасалып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды. Жинақталған ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бір бірімен қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы шығармашыл тұлға дамуы жүзеге асады.

Ерте жас және кіші топтарда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, «Сәндену бұрышы, табиғат бұрышы, сенсорлық ойындар бұрышы, қуыршақтар бұрышы, ойын, оқшаулану және белсенді қозғалыс бұрыштары » ұйымдастырылды.
Ондағы заттық-кеңістік заттар қауіпсіз, әртүрлі танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, қозғалмалы ойыншықтар, ертегілердегі жануарлар, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.Белсенді қозғалыс аймағында ірі конструкторлар, үлкен машиналар, доптар, секіргіш доптар, пішіндер моделі,
кеглилер, тербелгіш құтыршақтар, жіптер т.б. Спорт құралдары балалардың қолы жететін жерде орналасқан. Жеке тұлғалық және мазмұндық тәрбиелік бағыты

қамтамасыз ету мақсатында дидактикалық құралдарды қолдан жасап, дамытушы орталықтарды толықтырып тұрамыз.
Дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруге септігін тигізеді. Ортаңғы топтардағы дамытушы орта балалардың қиял-ойларының дамуына ықпал ететіндей ұйымдастырылды.
Балалардың даму ортасы
Кітап, әдеби орталығы
Сюжетті-рөлдік ойындар ортасы
Қызықты математика орталығы
Тіл шығармашылық орталығы
Табиғат бұрышы
Ертегілер әлемі «Қуыршақ театры»
Сән әлемі
Ойын орталығы
Бұл топтарда үстел үсті ойындарына арналған дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдар, балалар жасаған кітапшалар, боямақ кітапшалар, қол еңбегіне арналған құралдар және ойыншықтар, ертегілер әлеміне арналған қуыршақтар, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері, саусақ, қолғап театры, шығармашылық іс-әрекеттер үшін атрибуттар мен ойыншықтар, суретті ертегілер жинақтары, дидактикалық ойындар, көрнекі материалдар мен спорт құралдарымен жабдықталған.
Табиғат бұрышында бөлімдер бойынша материалдар: құм, тас, су, көмір, бүршіктер, ағаш бұтақтары, магнит, қағаз және де дәнді-дақылдардан күріш, қарақұмық, шекілдеуік, бидай, бұршақ, атбас бұршақтары және жасанды аквариум бар.Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктері бар, сонымен қатар бөлме өсімдіктерінің паспорты бар. Бөлме өсімдіктерін күтетін құралдарымен жабдықталған: (суқұйғыш, резеңкелі қолғап, тақша).Табиғат күнтізбесі мен жыл мезгілінің үлгісі көрсетілген тақта бар.
Ал ересек топтағы заттық-кеңістік ортаның жан-жақтылығы ескеріліп, даму ортасындағы пәндерін балалардың қажеттілігі мен жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды. Ойын ортасы, әдеби орталық, тіл шығармашылық орталығы, ғылыми орта, табиғат бұрышы, құрылыс құрастыру ойын орталығы, ғажайып математика орталығы, сюжетті-рөлдік ойындар орталығы, кітап орталығы.

Тіл шығармашылық орталығында – коллаж, құрастырмалы кітапшалар, үстел ойындар, халық ауыз әдебиетінің шығармалары, қазақ, орыс халықтарының ертегілері, сүйікті ертегілерді сахналауға арналған қажетті қалпақ, бетперделер, қолдан жасалған ұлттық ойыншықтар, қағаздан қиылған бейнелер театры, сахналау және режиссерлік ойындарға арналған құралдар, кесілген суреттер ойындары және дидактикалық материалдар мен карточкалар сөрелерде бар. Көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдар (арқан, қорап, доңғалақтар, лепталарда бар.
Балалардың тәжірибе жасауы үшін көмекші құралдар: үлкейткіш шыны, микроскоп, өлшеуіш қасық, сүзгі мен су құйғыш, түрлі пішінді және көлемді ыдыстар, пластикалық

және коктейл ішетін түтікшелер, гигиеналық, қауіпсіз балалар сусабыны, түрлі-түсті стақандармен жабдықталған. «Солнышко» тобында табиғат бұрышы бөлме өсімдіктерімен қатар су тіршілігінде өмір сүретін «тритон» жәндігі бар. Барлық бұрыштар паспорттары қарастырылған.
Сонымен қатар заттық- кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырылып отырылады.

**5. Оқу материалдық активтері «Арайлы» бөбекжайының 2017-2021 оқу жылдар аралығындағы материалдық-техникалық базасының сараптамасы.**

«Арайлы» бөбекжайы» 2009 жылы 17 желтоқсан айында пайдалануға берілді. Жобалық қуаттылығы 165 орындық типтік ғимаратта орналасқан. Арнайы үй жайдың барлық жиынтығымен 7 топ жұмыс істейді. Топтық (ойнайтын бөлме, жатын бөлме, дәретхана бөлмесі, қабылдау бөлмесі, ас бөлмесі) көп функционалды зал, психолог-логопед кабинеті, релаксация бөлмесі, консультациялық пунк ,медицина бөлмесі, ас бөлмесі, кір жуатын бөлмесі, әдістемелі кабинет, театрландырылған қойылымдарға арналған костюмдер бөлмесі, меңгеруші кабинеті, щиттік (щитовая) бөлмесі, киім ауыстыру бөлмесі, 3 дәретхана бөлмелері, қол жуу бөлмесі. Бөбекжай ауласында спорттық және топтық алаңдар бар, топтық учаскелер балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықталған.

Бөбекжайдың арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші кабинеті
- Әдістемелік қабинеті
- Психолог-логопед кабинеті
- Релаксация кабинеті
- Көп функционалды зал
- Медбике бөлмесі

Оқытудың техникалық құралдары:

- Үлкен теледидар 1 дана
- Музыкалық орталық 1 дана

Әдістемелік үдерісті техникалық жабдықтау:

- Экран 1 дана
- Мультимедиалық проектор 1 дана
- Компьютер 4 дана
- Ноутбук 1 дана
- Интернет жұмысы жылдамдығы 100 мб/с
- Принтер – сканер – копир 2 дана
- Сиялы принтер – 1 дана
- Түсті принтер 1 дана
- Аккустикалық жүйе 1 дана
- Моноблок 2 дана

- Топтардағы теледидар 7 дана
- DVD плейер – 7 дана

Материалдық техникалық базаны толықтыру «Арайлы» бөбекжайының» дамыту бағдарламасына сәйкес жүргізілуде.

- 2019 – 784 мың
- 2020 - 237 мың
- 2021 – 46 мың

Ата-аналарға арналған әр топта «Денсаулық бұрышы», жылжымалы папкаларымен безендірілген. «Үйде және таза ауада ойнаймыз», «Балалардың қауіпсіздігі» туралы ата-аналармен консультациялар өткізілді. «Арайлы» бөбекжайындағы сауықтыру және профилактикалық жұмыс барысында тәрбиешілер мен медбике тығыз байланыста. Тәрбиеленушілер әрдайым медбикенің бақылауында болады. Квартал бойынша медбике тәрбиеленушілердің денсаулығы бойынша талдау жүргізеді. Балаларды тамақтандыру, тағамдық заттардағы физиологиялық қажеттіліктер негізінде әзірленген, аудандық санитарлық эпидемиологиялық қызметтің басшысымен бекіткен он күндік мәзірге сәйкес жүзеге асырылады. Әр жыл сайын денсаулық жағдайының динамикасын бағалау бойынша салыстыру мониторингі өткізіледі.

**Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:**

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жинақтау

«Арайлы» бөбекжайы бойынша жас кезеңдері сақталған, топтар бірдей жас принциптері бойынша жинақталған.

**5 жылға арналған даму перспективалары:**

«Бөбекжайдың» материалдық техникалық базасын жетілдіру.

Әлеуметтік мәдени және дене шынықтыру спорт ресурстарын тиімді пайдалану жағдайларды жасау.

Әдістемелік көрнекі құралдарды тұрақты жаңартып, толықтыру.

**Кемшіліктер мен ескертулер:**

Кемшіліктердің бірі – зияткерлік конкурстарға және шығармашылық көркемдік конкурсжен байқауларға қатысу облыс көлемінде жұмыстарды көрсету ұйымдастырылмаған. Оқу жылында қолға алып бөбекжай әкімшілігіне жоспар жасап педагогтарға тапсырма берілуі бөбекжайы әдіскері Жексенбаева Г.К жүктелді.

Ағымды жөндеу жұмыстарын талап етеді

**Қорытынды:**

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады. Барлық білім басталуы мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі жан жақты шығармашыл тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу. Бұл үшін мектепке дейінгі мекемеде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтердың заманауи инновациялық технологиялардың қолдана білуге байланысты. Бөбекжайдың педагогтері ұйымдастырылған оқу қызметінде ақпараттық технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді, ойын әдістерін қолданамыз.Барлық педагогтар өз білімдерін жан-жақты жетілдіруде. Әр түрлі курстарға семинарларға,тренингтерге қатысып өз құзыреттіліктерін көтеріп отырады. Тәрбиеленушіледің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. Бүлдіршіндердің денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан жігерлі, қайратты болып өсуіне көңіл бөлінеді. Бөбекжай психологы мен логопедтері балаларға олардың ата- аналарына және мекеме қызметкерлеріне өз жоспары бойынша жұмыс жүргізеді.

Бөбекжайда тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде гигиеналық талаптар қатаң түрде сақталады, балалардың дұрыс тамақтануын медбике санитарлық қағидалар мен нормаларына сәйкес қадағалайды. Бөбекжайда күн тәртібі жоспарға сай жүргізіледі. Балалардың жасына байланысты белсенді ойындарға, оқу қызметіне және демалыстарға жеткілікті уақытқа жететін етіп жасалған.

**Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.**

Балабақшаның өзін – өзі бағалау барысында, барлық жұмыстарды саралтай келе, ғылыми кеңесген ақылдаса отырып, балалардың білік білім дағдыларын саралтай келе балабақша миссиясына өзгерістер енгізу керектігін байқалып отыр. Қажеттіліктерді

т

а

л

д

Осы идеяны балаларға, педагогтерге, ата –аналарға бағыттаймыз деп жоспарлап отырмыз.

Балаларға: Адам мен табиғаттың бірлігі туралы білім негізін қалыптастыру

Табиғатты қорғау болашақ патриоттың міндеті екендігін түсіну үшін жағдайлар жасаймыз

Н

е

Экологиялық тәрбие бойынша ақпараттық байланысты саналы орналастыра білуді үйретеміз.

Ата-аналарды: Патриоттық сезім, адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда экологиялық тәрбие бағытында балалармен және ұжыммен бірлескен жұмысқа тартамыз.

т

е

с

к

е

е